




АТҚАРЫЛҒАН ЖҰМЫСТАР ПЫСЫҚТАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте өңірдегі жобалардың іске асырылуы, құрылысы жүріп жатқан нысандардағы жұмыс барысы, басқа да өзекті мәселелер талқыланды.

Жауапты басқарма басшылары тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандардың құрылыс қарқыны туралы баяндады. Аймақ басшысы жұмыстың кестеге сәйкес жүргізілуін қатаң қадағалауды ескертті. Әсіресе, әлеуметтік нысандарды уақытылы аяқтап, қолданысқа беру өте маңызды екені айтылды. Мұнан бөлек,

республикалық бағдарламаларға мониторинг жүргізу, тазалық және алдағы көктемгі маусымда көркейту-көгалдандыру жұмыстарын ұйымдастыру, бюджет қаражатын тиімді игеру мәселелері талқыланды. Мәжіліс соңында Нұрлыбек Машбекұлы жауапты тұлғаларға бірқатар тапсырма берді.



ОРАЗА-2025: ПІТІР САДАҚА МӨЛШЕРІ БЕКІТІЛДІ

Санаулы күндерден соң мұсылман қауымы үшін қасиетті Рамазан айы басталады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы ортақ пәтуаға сәйкес, қасиетті Рамазан айы 1 наурызда басталатынын хабарлап отыр. Наурыз айының 26-нан 27-не қараған түн - Қадір түні, ал 30 наурыз - Ораза айт мерекесі.

Еліміздің Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлының төрағалығымен өткен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының төрақа мәжілісінде пітір садақасы еліміз бойынша екі келі ұнның орташа бағасы негізінде 655 теңге болып бекітілді.

Айта кетейік, барлық өңір,

қала, аудан және ауылдың (барлығы 6000 елді мекен) ораза және намаз кестесін PDF форматта muftyat.kz сайтынан сілтемеге өтіп жүктеп алуға болады. Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының шариғат және пәтуа бөлімі 2025 жылғы діни күндер кестесін бытыр күзде бекіткен еді.

ТҰРҒЫНДАРЫ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНА 93 МЛРД ТЕҢГЕ АУДАРДЫ

Жүйе іске қосылған 2017 жылдың 1 шілдесінен 2025 жылдың 1 ақпанға дейін Қызылорда облысының тұрғындары Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына 93 млрд теңге аударды, оның 54,8 млрд теңгесі жұмыс берушілердің аударымдары болса, қалған 38,2 млрд теңге - жеке кәсіпкерлер мен азаматтық-құқықтық келісімшарт негізінде еңбек ететін тұлғаларға тиесілі. Бұл туралы Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалында хабарлады. Жинақталған қаржы сенімгерлік басқару туралы келісім бекітілген Ұлттық банкте сақталады және МӘМС пакеті шеңберіндегі қызметтер акысын төлеуге жұмсалуда.

АЙМАҚ БАСШЫСЫ ҚҰРЫЛЫС НЫСАНДАРЫН АРАЛАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Қызылорда қаласындағы құрылыс нысандарын аралап, ондағы жұмыс барысын тексерді.

Алдымен «Жаңадария», «Сыздық», «Шіркейлі» каналдарындағы көпірлерді қайта жаңғырту жұмыстарымен танысты. «BSJ инжиниринг» ЖШС ұзындығы 61,2 метр, ені 11,5 метр «Жаңадария» каналындағы көпірді жаңғыртуда. Осы көпірмен тұрғындар «АвтоЦонга», «Қорқыт ата әуежайына» Амангелді, «Бесарық», «Иіркөл», «Қоғалыкөл», «Жетікөл», «Айдарлы» елді мекендеріне, қала маңындағы саяжайларға қатынайды. «Сыздық», «Шіркейлі» каналдарындағы жұмысты «Жылу 21» ЖШС қолға алған. Елді мекендер мен саяжайларға қатынаушылар үшін бұл көпірлердің де маңызы зор. Сонымен қатар, 13,5 шақырым



автокөлік жолын төрт жолақты етіп қайта жаңғыртуға бюджеттен қаржы қаралып, құрылысы қарқынды жүргізілуде. Одан кейін, облыс әкімі «Тау групп» ЖШС бытыр бастаған, биыл аяқталады деп жоспарланған

«Титов» қыстағындағы 135 пәтерлік тұрғын үй құрылысының барысын көрді.

Сырдария өзенінің сол жағалауындағы 300 орындық жатақханасы бар 400 орындық физика-математика бағытындағы

мектеп-интернаттың жаңа ғимаратының құрылыс алаңындағы жұмыстар да назардан тыс қалмады. Еске салсақ, мектеп-интернат 2023 жылы басталған, биыл аяқталады деп жоспарлануда.

Қазалы ауданында былтыр жалпы өнімнің көлемі 25,7 млрд теңгені құрап, 100,1 пайызға артқан. Бұл туралы Қазалы ауданының әкімі Мейрамбек Шермағамбет баяндады.

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫНДА АУҚЫМДЫ ІСТЕР АТҚАРЫЛУДА

«Өткен жылы 7276,5 тонна ет, 9916,5 тонна сүт және 961,6 мың дана жұмыртқа өндірілді. Осылайша, ет өндірісі 100,4 пайызға, сүт 54,1 пайызға және жұмыртқа өндірісі 95,2 пайызға орындалып отыр. Ауыл шаруашылығы дихандары биыл 17 мың 29 гектарға ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастырып, егін мерзімінде толық жиналды. Негізгі дақыл күріш 6 мың 200 гектарға егіліп, әр гектардан 40,4 центнерден өнім алынып, 26 мың 95 тонна күріш жиналды» - деді аудан әкімі.

Ал 2025 жылы аудан бойынша 17 377 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру жоспарлануда. Оның ішінде негізгі дақыл 6436 гектар күріш егіледі деп

күтілуде. Бұл былтырғы жылмен салыстырғанда 236 гектарға артық. Қазалы ауданында ауыл арасындағы жолдар мен елді мекенішілік көшелердің жағдайы дұрыстатылып келеді. Былтыр ауданда 27,5 шақырым маңызы бар автомобиль жол құрылысы жөндеуден өткізілген.

«Жолдың жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы үлесі 88,2 пайызды құрайды. Өткен жылы Қазалы ауданында бірнеше жыл бұрын басталып тоқтап қалған Әйтеке би мен Қазалы қаласы аралығындағы 7 шақырымды құрайтын жолға күрделі жөндеу жұмыстары аймақ басшысының тікелей қолдауымен қайта жанданды. Бүгінгі таңда 4 жолақты жол пайдалануға берілді» - деді аудан басшысы.

КӨЛІК АПАТЫН СУРЕТКЕ ТҮСІРГЕНДЕР АЙЫППҰЛ ТӨЛЕЙДІ

Біріккен Араб Әмірліктерінде жол көлік ережесін бұзған жүргізушілер қолмақты айыппұл төлейді. Оның мөлшері теңгеге шаққанда 400 мың теңгеден асады.

Бұдан бөлек, араб мемлекетінде жол апатын суретке түсіріп, камераға жазып алуға болмайды. Мұндайда ол адам жауапкершілікке тартылады.

МӘМС ЖҮЙЕСІНДЕГІ ТЖД ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ

ТЖД қызметкерлерінің табысынан МӘМС жүйесіне жарналар мен аударымдар төлене ме, оларға медициналық көмек қалай көрсетіледі? Осы және өзге де сауалдарға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының Қызылорда облысы бойынша филиалының мамандары облыстық төтенше жағдайлар департаментінің қызметкерлерімен кездесу барысында жауап берді.

Қор филиалының бөлім басшысы Ғалымжан Салтықовтың айтуынша, әскери қызметшілер, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының қызметкерлері МӘМС жүйесіне

жарналар мен аударымдарды төлеуден босатылды. Бұл «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» Заңның 28-бабының 7-тармағында бекітілген.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры МӘМС жүйесінде әскери қызметшілердің мәліметтерін «Адамдарды арнайы есепке алу» ақпараттық жүйесіне ЖСН көрсете отырып енгізілген әскери қызметшілер, құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдарының қызметкерлері есебінен алады. Олар бойынша деректерді әскери бөлімдердің, әскери басқару органдарының қызметкерлері енгізеді. Қор жүйесінде әскери қызметшінің

ЖСН-ы шыққан соң ол автоматты түрде сақтандырылған мәртебесін алады және жарналар мен аударымдарды төлеуден босатылады», - деді Ғалымжан Салтықов.

Кездесу барысында Қор филиалының өкілдері ТЖД қызметкерлерінің сұрақтарына жауап беріп, МӘМС жүйесіндегі құқықтарын түсіндірді.

«Ел тілегі» ақпарат



КӨРМЕ БАЙҚАУЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ



Өскекен ұрпақ арасында салауатты өмір салтын насихаттау және есірткіні қолдану мен тарату мәселелері бойынша көрнекі үгітті күшейту мақсатында Қызылорда облысы Полиция департаментінің Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы облыстың оқу орындары арасында есірткіге қарсы үздік көрме байқауын ұйымдастырды.

Көрмеде есірткіге қарсы суреттер, плакаттар, көрнекі бұйымдар,

колөнер бұйымдары, үгіт парақтары, парақшалар мен буклеттер, кітаптар, брошюралар мен баннерлер көрсетілді. Қатысушылар өз экспонаттарында жаман әдеттерге теріс көзқарастарын білдірді, өз денсаулығына ұқыпты қарауға және салауатты өмір салтын ұстануға шақырды.

Көрмелер өскекен ұрпақтың есірткі құралдарын қолдануға теріс көзқарасын қалыптастыруға, есірткіге қарсы профилактикалық жұмысты күшейтуге, шығармашылық кабинеттерін дамытуға

қызығушылығын арттыруға ықпал етеді.

Сайыстық комиссияның шешіміне сәйкес жеті қатысушы ынталық танытқан деп белгіленсе, ал он қатысушы үздік деп танылды. Байқаудың облыстық жеңімпаздары: Жаңақорған ауданы №289 орта мектеп, М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжі, Шилелі ауданы №50 орта мектеп, Қазалы ауданы №226 мектеп-гимназия, Арал ауданы №292 орта мектеп.

